



010000, Астана қ., Бейбітшілік к.сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилк, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

04.04.2024 № 2

16

## Тұрақты комиссияның 2024 жылғы 4 сәуірдегі қаулысы

**Діни ахуалдың жай-күйі және қалада жұмыс істейтін діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани білім беру ұйымдарының, сондай-ақ аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған пансионаттардың қызметін талдау туралы**

«Астана қаласының Дін істері жөніндегі басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) «Діни ахуалдың жай-күйі және қалада жұмыс істейтін діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани білім беру ұйымдарының, сондай-ақ аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған пансионаттардың қызметін талдау туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай отырып, Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) төмендегіні атап өтеді

Қазіргі уақытта Астана қаласының аумағында ғибадат етуге, дұға және діни жиналыстарға, діни табынушылыққа (қажылыққа) арналған 33 ғұрыптық ғимарат өз қызметін жүзеге асырады.

«Астана Медресе» колледжі елордадағы жалғыз діни-ағарту ұйымы болып табылады, онда 166 студент, оның ішінде 97 ұл және 69 қыз оқиды.

Елордада ресми тіркелген 43 миссионер дінді таратады. Олардың ішінде Польшадан - 6, Үндістаннан - 3, Украинадан - 2, Германиядан - 6, Ресей Федерациясынан - 12, АҚШ-тан - 3, Словениядан - 1, Беларусьтеп - 1, Қырғыз Республикасынан - 1, Өзбекстан Республикасынан - 2, Қазақстан Республикасынан - 5, Ұлыбританиядан - 1 азамат бар.

Басқарма конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын іске асыру және қаланың діни бірлестіктерімен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша тиісті жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, осы бағытта бірқатар проблемалар бар.

Ағымдағы жылдың басынан бастап «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының талаптарын бұзғаны үшін 36 әкімшілік құқық бұзушылық айқындалды. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты қоғамда діни алауыздық тудырғаны үшін 11 құқық бұзушыға 1 916 000 теңгеге айыппұл салды.

Мәселелердің бірі – террористік тұрғыдан осалдау ғұрыптық ғимараттарды бейнебақылау жүйесімен жабдықтаудың болмауы.

Астана қаласы әкімдігінің «Қапапық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ КК 2020 жылдың басынан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзуга қатысты 937 өтініш келіп түсті. Оның ішінде ислам бағыты бойынша – 562, христиан бағыты бойынша – 88, діни конфессиялар бойынша – 68.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Діни ахуалдың жай-күйі және қалада жұмыс істейтін діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани білім беру ұйымдарының, сондай-ақ аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған пансионаттардың қызметін талдау туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

теріс діни әсерден зардап шеккен адамдарға арналған оңалту орталығы үшін ғимарат бөлу мәселесін пысықтау;

білікті мамандарды бекіту және сақтап қалу мақсатында қаланың тұрғын үй қорынан дінді зерттеу Орталығының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету тетігін әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу ұсынылсын;

3. Астана қаласының әкімдігіне Астана қаласының полиция департаментімен бірлесіп:

жедел басқару орталығына қоса отырып террористік тұрғыдан осал ғұрыптық ғимараттарды бейнебақылау орнату мәселесін пысықтау ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Дін істері басқармасы» ММ:


уәкілетті атқарушы органға дінді зерттеу орталығы үшін екі шағын автобус сатып алуға қаражат бөлу үшін қажетті шығыстар көлемінің негіздемесін енгізу;

дін саласындағы заңнаманың талаптарын түсіндіру жөніндегі жұмысқа ғылыми әдіснаманы меңгерген білімді, сауатты теологтарды, парасатты ғұламаларды тарту ұсынылсын.

5. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы жөніндегі ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде жіберсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының заңдылық,  
құқық тәртібі және жұртшылықпен  
жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**



**А. Айтхожин**